

2010 жылы Т. Рысқұлов ауданының аумағында тұратын 1993 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді жүргізуді ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 5 Шешімі. Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 қаңтарда 91 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1 тармағының 13) тармақшасы негізінде, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабының 3 тармағына және «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 Қ а у л ы с ы н а с ә й к е с

Ш Е Ш Е М І Н :

1. «Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Б. Жолдасқа (келісім бойынша) шақыру учаскесінде 2010 жылдың қаңтар-наурыз айларында Т. Рысқұлов ауданының аумағында тұратын 1993 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды әскери есепке қою үшін тіркеу жү р г і з у ұ с ы н ы л с ы н .

2. Т. Рысқұлов ауданының және ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімдері «Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тіркеуге жататын азаматтарды тіркеуге шақырылғаны туралы хабардар етіп, шақыру учаскесіне дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

3. «Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесімен келісілген кесте бойынша ауданның білім беру мекемелерінде оқитын 1993 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне уақтылы және ұйымшылдықпен жіберуді қамтамасыз етсін.

4. «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы № 226 Қаулысымен белгіленген тәртіппен азаматтарды әскери-дәрігерлік сараптамадан өткізу ұсынылсын.

5. «Жамбыл облыстық Ішкі істер департаментінің Т. Рысқұлов аудандық Ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Б. Исабековке (келісім бойынша) әскери

міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіру және ұстау өз құзыреті шегінде
ж ү з е г е а с ы р у ұ с ы н ы л с ы н .

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ахтан Ахатұлы
Қ а р с ы б а е в қ а ж ү к т е л с і н .

7. Осы шешім Әділет органында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне
енеді және алғаш жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа
енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Нұралиев

«КЕЛІСІЛДІ»:

«Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданының
Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Жолдас Бақытжан Жолдасұлы
30 желтоқсан 2009 ж.

«Жамбыл облысы Ішкі істер департаментінің
Т.Рысқұлов аудандық Ішкі істер бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Исабеков Бақберген Айтжанұлы
30 желтоқсан 2009 ж.